

Ленин

КК(б)П Солтүстік Қазақстан Облыстық Комитетінің, еңбекшілер депутаттарының Облыстық Кеңесінің және КК(б)П Петропавл қалалық комитетінің органы

Шығуына
25-ші жыл
№ 57
(6758)
1944 жыл
Сейсенбі
21 Март
Бағасы
20 тыйын

Жоғарғы Бас қолбасшының БҰЙРЫҒЫ

Кеңестер Одағының Маршалы **КОНЕВКЕ**

2-УКРАИН майданының әскерлері шабуыл жасай отырып, кеше, 18 мартта, немістер өздерінің қорғану шебінің күшті тіректі пункттеріне айналдырған НОВО-УКРАИНКА қаласы мен үлкен темір жол станциясын, ПОМОЩНАЯ қаласы мен маңызды темір жол торабын тіке шабуылмен алды.

НОВО-УКРАИНКА мен ПОМОЩНАЯНЫ алу ұрыстарында генерал-лейтенант ЖАДОВЫН, генерал-полковник ШУМИЛОВТЫң әскерлері, танк әскерлерінің генерал-майоры, КАТКОВТЫң, полковник БРИЖЕНОВТЫң танкшілері, артиллерия генерал-майоры ЮЛУЭКТОВТЫң, артиллерия генерал-майоры ПЕТРОВТЫң және артиллерия генерал-майоры ПОПОВИЧТИң артиллерияшылары көзге түсті.

Қол жеткен жеңістің хұрметіне, НОВО-УКРАИНКА мен ПОМОЩНАЯ үшін болған ұрыстарда неғұрлым көзге түскен құрамалар мен бөлімдер „НОВО-УКРАИНКА“ атағын беруге және ордендермен наградтауға ұсынылсын.

Бүгін, 18 мартта, 20 сағатта Отанымыздың астанасы МОСКВА жүз жыйырма төрт зеңбіректен онекі дүркін артиллерия оғын атып, НОВО-УКРАИНКА мен ПОМОЩНАЯНЫ азат еткен 2-УКРАИН майданының айбынды әскерлеріне Отанымыз атынан хұрмет көрсетеді.

НОВО-УКРАИНКА мен ПОМОЩНАЯНЫ азат ету ұрыстарына қатысқан, Сіздің басқаруыңыздағы әскерлердің бәріне ұрыс қыймылдарын өте жақсы жүргізгені үшін АЛҒЫС ЖАРИЯЛАЙМЫН.

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін болған ұрыстарда қаза тапқан батырлардың даңқы мәңгі өшпесін!

Неміс басқыншылар құртылсын!

Жоғарғы Бас қолбасшы

Кеңестер Одағының Маршалы

И. СТАЛИН.

1944 жылғы 18 март.

Жоғарғы Бас қолбасшының БҰЙРЫҒЫ

Кеңестер Одағының Маршалы **ЖУКОВКА**

1-УКРАИН майданының әскерлері бүгін, 18 мартта, екі күн-гі қатты ұрыстардың нәтижесінде, соғыстық маңызы бар темір жолдар торабы ЖМЕРИНКА қаласын алды.

ЖМЕРИНКАНЫ алу ұрыстарында генерал-полковник МОСКАЛЕНКОНЫ, генерал-лейтенант ГОЛУБОВСКИЙДІң әскерлері, полковник БЕЛЯЕВТИң танкшілері, артиллерия генерал-майоры ЛИХАЧЕВТИң артиллерияшылары, авиация генерал-полковнигі КРАСОВСКИЙ мен авиация генерал-майоры КАМАНИННИң ұшқыштары көзге түсті.

Қол жеткен жеңістің хұрметіне, ЖМЕРИНКАНЫ азат ету ұрыстарында неғұрлым көзге түскен құрамалар мен бөлімдер „ЖМЕРИНКА“ атағын беруге және ордендермен наградтауға ұсынылсын.

Бүгін, 18 мартта, 21 сағатта Отанымыздың астанасы МОСКВА жүз жыйырма төрт зеңбіректен онекі дүркін артиллерия оғын атып, ЖМЕРИНКАНЫ алған 1-УКРАИН майданының айбынды әскерлеріне Отанымыз атынан хұрмет көрсетеді.

ЖМЕРИНКАНЫ азат ету ұрыстарына қатысқан, Сіздің басқаруыңыздағы әскерлердің бәріне ұрыс қыймылдарын өте жақсы жүргізгені үшін АЛҒЫС ЖАРИЯЛАЙМЫН.

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін болған ұрыстарда қаза тапқан батырлардың даңқы мәңгі өшпесін!

Неміс басқыншылар құртылсын!

Жоғарғы Бас қолбасшы

Кеңестер Одағының Маршалы

И. СТАЛИН.

1944 жылғы 18 март.

КОМСОМОЛЦТЕРДІҢ КОЛХОЗДАРҒА КӨМЕГІ

Петропавл қаласының өңдіріс бригадасында комсомол-жастар бригадалары колхоздарға көмек көрсету жұмысын жүргізуде бірсыпыра бригадалар жетті. Бір ай ішінде бригадалар 1217 поршен деңгелектерін, 1500 поршен саусақтарын, 10 мың сегмент және басқа запас бөлшектер әзірлеп шығарды.

Жоғарғы Бас қолбасшының БҰЙРЫҒЫ

Кеңестер Одағының Маршалы **ЖУКОВКА**

1-УКРАИН майданының әскерлері орағыта маневр жасау және тіке атака жасау нәтижесінде, 19 мартта, немістердің Кременец тауының жотасындағы қолдан жасалған қорғану бекіністерімен күшейтілген қуатты табиғи қамалы—КРЕМЕНЕЦ қаласын алды.

КРЕМЕНЕЦТИ алу ұрыстарында генерал-лейтенант ПУХОВТЫң, генерал-лейтенант КИРЮХИНИНІң әскерлері, артиллерия генерал-майоры КУБЕЕВТИң, полковник СУСЕССКИЙДІң артиллерияшылары, танк әскерлерінің генерал-майоры КОРОЛЕВТИң танкшілері, авиация генерал-полковнигі КРАСОВСКИЙДІң, авиация генерал-майоры ГАЛУНОВ пен полковник ЛОЖЕЧНИКОВТЫң ұшқыштары көзге түсті.

Қол жеткен жеңістің хұрметіне, КРЕМЕНЕЦТИ азат ету ұрыстарында неғұрлым көзге түскен құрамалар мен бөлімдер „КРЕМЕНЕЦ“ атағын беруге және ордендермен наградтауға ұсынылсын.

Бүгін, 19 мартта, 21 сағатта Отанымыздың астанасы МОСКВА жүз жыйырма төрт зеңбіректен онекі дүркін артиллерия оғын атып, КРЕМЕНЕЦТИ алған 1-УКРАИН майданының айбынды әскерлеріне Отанымыз атынан хұрмет көрсетеді.

КРЕМЕНЕЦТИ азат ету ұрыстарына қатысқан, Сіздің басқаруыңыздағы әскерлердің бәріне ұрыс қыймылдарын өте жақсы жүргізгені үшін АЛҒЫС ЖАРИЯЛАЙМЫН.

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін болған ұрыстарда қаза тапқан батырлардың даңқы мәңгі өшпесін!

Неміс басқыншылар құртылсын!

ЖОҒАРҒЫ БАС ҚОЛБАСШЫ
КЕҢЕСТЕР ОДАҒЫНЫҢ МАРШАЛЫ
И. СТАЛИН.

1944 жылғы 19 март.

КЕҢЕС ИНФОРМБЮРОСЫНАН

18 МАРТТАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІНЕН

18 мартта Дубно қаласының батыс және оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз шабуылды өрістете отырып, 50ден аса елді жері, оның ішінде Волковыс, Бораты, Хотын, Ивацук, Козин, Сады, Вельке, Пиратын, Тараканов үлкен елді жерлерді ұрыспен алды.

Винницаның солтүстік-батыс жағында әскерлеріміз Южный Буг өзенінен өтті де душпанның қарсылығын жеңіп, оның Поповцы, Думенки, Лелетка, Вугринька, Голодын, Куриловка, Николаевка, Пикивская Слободка күшті бекіністі тіректі қорғану пункттерін алды.

1 Украин майданының әскерлері екі күнгі қатты ұрыстар нәтижесінде, 18 мартта, соғыстық маңызы бар темір жолдар торабы Жмеринка қаласын алды.

Умань қаласының оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз шабуылды өрістете отырып, Днепр өзеніне жетті және Ямполь қаласын, сол сыяқты 100ден аса басқа елді жерді, оның ішінде Винница облысының Черниевцы, Песчанка аудан орталықтарын, Березовка, Боробка, Бабчинцы, Дзотовка, Гальжибевка, Качивка, Ольшанка, Батрацкое, Попелюхи, Черномин үлкен елді жерлерді және Рудниця, Попелюхи темір жол станцияларын ұрыспен алды.

2-Украин майданының әскерлері шабуыл жасай отырып, Помощная қаласы мен маңызды темір жол торабын, сол сыяқты 80ден аса басқа елді жерді, оның ішінде Кировоград облысының Песчаный Брод аудан орталығын, Одесса облысының Ольшанко аудан орталығын, Добрянка, Ново-Станковата, Новолудковка, Фурмановка, Ново-Михайловка, Николаевка, Антоновка, Анновка, Фадеевка үлкен елді жерлерін және Никольская темір жол станциясын ұрыспен алды.

Бобринец қаласының оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз шабуылды өрістете отырып, 100ден аса елді жерді, оның ішінде Софиевка, Витязевка, Лашкул, Николо-Бабанка, Мурбен, Братолобовка, Мало-Воссиетское үлкен елді жерлерін ұрыспен алды.

Николаев бағытында әскерлеріміз шабуыл ұрыстарын жүргізуде болды, бұл ұрыстардың барысында 30дан аса елді жерді, оның ішінде Касперовка, Спиридоновка, Ново-Петровское, Себено, Ново-Матвеевка, Пересадовка, Шевченко, Пузыри, Ефимовка үлкен елді жерлерді және Котлярово темір жол станциясын алды.

Майданның басқа учаскелерінде жергілікті маңызы бар ұрыстар болды.

17 мартта әскерлеріміз барлық майдандарда немістердің 31 танкін қыйратты, жойды. Өте ұрыстарында және зенит артиллериясымен душпанның 37 самолеті атып түсірілді.

19 МАРТТАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

1-Украин майданының әскерлері орағыта маневр жасау және жауға тіке атака жасау нәтижесінде, 19 мартта, немістердің Кременец тауының жотасындағы қолдан жасалған қорғану бекіністерімен күшейтілген қуатты табиғи қамалы—Кременец қаласын, сол сыяқты 40дан аса елді жерді, оның ішінде Плашевка, Сестратин, Срепно, Крупец, Михаловка, Подзамче, Круки, Ситно, Янувка, Белоградка, Каменница үлкен елді жерлерді және Каменница, Волынская, Рудня, Почаювская, Михаловка темір жол станцияларын ұрыспен алды.

19 мартта Винницаның солтүстік-батыс жағында әскерлеріміз ұрыспен алға басып, Лука, Кожухов, Медведовка, Кушиковцы, Ивча, Осолинка, Николаевка, Майдан, Мизаковские кыстағы, Стрижавка үлкен елді жерлерін алды.

Жмеринка қаласының оңтүстік жағында әскерлеріміз шабуылды өрістете отырып, Винница облысының Станиславчик, Шников аудан орталықтарын, сол сыяқты 50ден аса басқа елді жерді, оның ішінде Тарасовка, Пеньковка, Михайловка, Мураса, Рахилиевка, Деревчин, Звезденовка, Гжурин, Хоменки, Политанки, Карповка, Ротмистровка, Серебрян үлкен елді жерлерін және Будки, Ярошенко, Рахны темір жол станцияларын ұрыспен алды. Әскерлеріміз Могилев—Подольский қаласына жақын келіп, қаланың шет аймақтарын да ұрыстар шиеленістірді.

2-Украин майданының әскерлері 100 километрден аса майданда Днепр өзеніне жетіп, оның өң бойында 50 километрден аса учаскеден өтті және өзеннің батыс жағалауында 40дан аса елді жерді, оның ішінде Молдавия КСРның Сороки уездік қаласын алды.

Ново-Украинаның оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз шабуылды ұрыстар жүргізуде болды, бұл ұрыстардың барысында 80ден аса елді жерді, оның ішінде Дорожинка, Юзевское, Сухой Ташлык, Лашевка, Подгурье, Стайковата, Михайловка, Любонька, Трудолюбивка, Ново-Григорьевка, Воеводское, Жуков үлкен елді жерлерін және Бешкетова, Глиняная темір жол станцияларын алды.

(Жалғасы 2-бетте).

КЕҢЕС ИНФОРМБЮРОСЫНАН

19 МАРТТАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

(Соңы. Басы 1-бет).

Бобринец қаласының оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз шабуылды өрістете отырып, Николаев облысының Еланец аудан орталығын, Одесса облысының Братское аудан орталығын, сол сыяқты 70тен аса басқа елді жерді оның ішінде Каменоватка, Крылая Пустошь, Ново-Александровка, Ивановка, Надеждовка, Никольское, Михайловка, Малое Солосное, Рашев, Белоусовка үлкен елді жерлерін ұрыспен алды.

Майданның басқа учаскелерінде барлаушылар қыймыл жасауда болды. 18 мартта әскерлеріміз барлық майдандарда немістердің 45 танкін қыйратты, жойды. Әуе ұрыстарында және зенит артиллериясымен дұшпанның 52 самолёті атып түсірілді.

* * *

1-Украин майданының әскерлері шабуылды ойдағыдай өрістете отырып, Кременец тауының жотасындағы Кременец қаласының іргесіне жетті. Қала қорғану бекіністеріне өте қолайлы еді. Немістер көптеген атыс құралдарымен және сол сыяқты инженерлік қарулармен жабдықтап көптеген бекіністер, траншеялар жасады да Кременецті алынбас қамалға айналдырды. Әскерлеріміз орағыта маневр жасап қалаға баратын жолдардың бәрін кесіп өтті. Немістер үшін солтүстік-батысқа қарай шығатын бір-ақ жол қалды. Дәл осы кезде екінші бір бөлімдеріміз жауға тіке атака жасады. Кеңес жауынгерлері шағын әскер топтарымен бірлесе қыймыл жасай отырып, дұшпанның тұрған жеріне оқ жаудырып, өтті де найзалап және гранаталар лақтырып гитлершілдерді қырып салды. Әскерлеріміздің тегеуірініне тетеіп бермейтін немістер жөңкіле кері шегінді. Жауынгерлеріміз Кременец қаласын алды да жауды өкшелете қудалай отырып, оны адам күші мен техникасы жағынан орасан көп шығынға ұшыратты. Қалада немістер қалдырып кеткен көп қару-жарақ және соғыс жабдықтары қойылған үлкен складтар қолға түсірілді.

* * *

Винницаның солтүстік-батыс жағында әскерлеріміз Южный Буг өзенінің оң жақ жағалауын бойлай шабуыл жасауда болды. Н. құрамасының бөлімдері Хмельники қаласынан оңтүстікке қарай баратын тас жол бойымен алға басып, немістердің бір әскер тобының кері шегінетін жолын кесіп өтті. Осы құраманың жауынгерлері екі күнде 1500 гитлершілді жойып, жаудан 45 танк пен өздігінен жүретін зеңбіректерді, 36 бронетранспортерді, 96 автомашинаны, ок-дәрі қойылған бірнеше складты, сол сыяқты бензин құйылған көп бөшкені қолға түсірді. Подполковник Бодуновтың басқаруындағы жауынгерлер жауға қауырт атака жасап, немістерді күшті бекіністі Лавринка селосынан қуып шығарды. Жауға берілген соққының тұтқиылдан болғандығы сонша, тіпті немістер барлық қаруын тастап үрейлене зытты.

* * *

Жмеринка қаласының оңтүстік жағында әскерлеріміз Винница облысының Станиславчик және Шпиков аудан орталықтарын алды. Н. құрамасының бөлімдері кеше немістерді Черневцы қыстағынан қуып шығарып, тас жол бойымен оңтүстік-батысқа қарай бет алды да 50ден аса елді жерді, оның ішінде Магилев-Подольский қаласының шығыс жағында 3 километр жердегі Карповка селосын және қаланың батыс жағында 2 километр жердегі Серебрянка селосын алды. Кеңес жауынгерлері шабуылды өрістете отырып, келген бетте Магилев-Подольский қаласына басып кірді де оның шет аймақтарында ұрыстар шиеленістірді.

* * *

Брацлав қаласының батыс жағында жүздеген бөлімдеріміз орағыта ойдағыдай маневр жасау нәтижесінде, неміс әскерлері кері шегініп бара жатқан жолды кесіп

өтті. Тұзаққа түскен гитлершілдер өздеріне қиын жағдайда ұрысқа кіруге мәжбүр болды. Жау әскерлеріміз бен танкшілеріміз жауға түс-түс жатқан атака жасады да қатты ұрыстың нәтижесінде дұшпанның қатарында немістердің 3 жау әскер дивизиясы мен румынның 3 батальоны бар әскер тобын талқандады. Ұрыс болған жерде жаудың 4 мыңнан аса өлгі қалды. Немістерден 500ден аса адам және 150 зеңбірек, 700 автомашинна тағы басқа көп соғыс мүліктері қолға түсірілді.

* * *

2-Украин майданының әскерлері кең майданда Днестр өзеніне жетті. Кеңес бөлімдері шабуылдың қауырт және тегеуірінді болғандығы сондай, тіпті немістер бірсыпыра жерде көпірлерін де жоя алмады. Өзеннің жағасында қыспаққа алынған дұшпан орасан көп шығынға ұшырады. Әскерлеріміз Днестрден өтті де өзеннің оң жақ жағалауында Молдавия КСР-ның Сороки уездік қаласы мен 40тан аса елді жерді немістерден қайтарып алды. Украин партизандары шабуылдағы Қызыл Армия бөлімдеріне белсене көмектесуде. Партизан отрядтары дұшпанның 34-жау әскер дивизиясының полктері кері шегініп бара жатқан жолды кесіп өтіп, жаудың штабтарын талқандады және немістерден үш полк туын, 34-дивизияның туын, штаб документтерін және басқа олжа қолға түсірді. Кеңес патриоттары немістердің 200ден аса солдатты мен офицерін қолға түсірді.

* * *

Бобринец қаласының оңтүстік-батыс жағында Н. құрамасының бөлімдері жанбір қауып бүлінген жол бойымен алға баса отырып, немістердің өткел түбіндегі арға топталған әскер колоннасы мен ат-арбаларын жойды. Бұл ұрыстарда дұшпанның бір полктей жау әскерлері жойылды. Жаудан 21 зеңбірек, 20 трактор мен тягач, 150 автомашинна және көптеген атыс қару-жарағы қолға түсірілді.

* * *

Барениово теңізінде дұшпанның керуеніне торпеда жіберіп және бомба жаудырып соққы беру нәтижесінде дұшпанның 10 мың тонналық екі транспорты мен екі күзет кораблі суға батырылды. Оның үстіне, дұшпанның осы кемелің қатарында келе жатқан тағы да екі транспорты қатты зияндалды. Немістердің, осы ұрыс қыймылы кезінде кеңестің 37 самолёті атып түсірілді-мыс деген хабары гитлершілдердің кезекті өтірігі. Дұшпанның атака жасалған керуендерінің үстінде болған әуе ұрыстарында немістердің 15 самолёті атып түсірілді. Авиациямыз 6 самолётінен айырылды.

Фин бұғазында дұшпанның 2000 тонналық транспорты суға батырылды.

* * *

Марттың бас кезінде Қырым партизандары дұшпанның тас жолдарды күзетіп тұрған бірнеше отрядтарын талқандады. Кеңес патриоттары 240 гитлершілді қырып салып, жаудан 400 атты, ок-дәрі, жарақ-жабдық және азық-түлік тиелген 110 ат-арбаны қолға түсірді.

Қызыл Армияның бронетанк және механизацияланған әскерлерінің офицерлеріне, сержанттары мен қатардағы жауынгерлеріне Кеңестер Одағының Батыры атағын беру

Неміс басқыншыларға қарсы күрес майданында Командованиенің жауынгерлік тапсырмаларын үлгілі орындап, мұнымен бірге қаһармандық және батырлық көрсеткені үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Быйылғы 10 марттағы Указы бойынша Қызыл Армияның бронетанк және механизацияланған әскерлерінің бір топ офицерлеріне,

сержанттары мен қатардағы жауынгерлеріне Кеңестер Одағының Батыры атағы беріліп, Ленин ордені мен «Алтын Жұлдыз» медалі қоса тапсырылатын болды.

Барлығы 19 адамға—офицерлерге, сержанттар мен қатардағы жауынгерлерге Кеңестер Одағының Батыры атағы берілді.

(ТАСС).

БЫЙЫЛҒЫ МАРТТЫҢ 6НА 16НА ДЕЙІНГІ ҰРЫСТАР КЕЗІНДЕ НЕМІСТЕРДІҢ ШЫҒЫНЫ ЖӘНЕ 3-УКРАИН МАЙДАНЫ ӘСКЕРЛЕРІНІҢ ЖАУДАН ТҮСІРГЕН ОЛЖАСЫ

Армия генералы Малиновскийдің басқаруындағы 3-Украин майданының әскерлері немістердің Ингулец өзені бойындағы қорғану шебіне бұзып өтіп, Южный Буг өзеніне қарай шыққаннан кейін, яғни быйылғы марттың 6нан 16на дейін, немістің генерал-полковник Хольдт басқарған 6-армиясын мүлде толық талқандады.

Быйылғы марттың 13нен 16на дейінгі кезеңде дұшпан қатты жеңіліске ұшыратылды, сол кезде генерал-лейтенант Плиевтің басқаруындағы гвардеецтер топтарының немістердің тылына өтуіне байланысты, неміс командованиясы әскерлеріне еш қандай басшылық жасай алмай—батысқа қарай шағын топ болып және тіпті жеке топ болып өту жөнінде бұйрық берді. Осыдан кейін дұшпанның бірсыпыра колонналары қоршауға алынып, дивизияларымыз бен корпустарымыз дереу, батыл қыймыл жасаумен оларды бірінен-бірі бөліп тастап жойды, мұнымен қатар, дұшпанды жою ісінің қаншалық тез және батыл жүргізілгендігі сонша, дұшпан өздерінің қол үзген әскерлерін жалпы топқа жыйнай алмады, бұл оларды бөлшектеп жоюға, ең алдымен Ново-Севастополь, Ново-Сергеевка ауданында, Шевченко қыстағында, Березнеговатое, Явкино, Смигиревка ауданында жоюға мүмкіндік берді.

Жауды толық жою жолындағы бұл ұрыстарда: немістердің 3,97-таулық-атқыштар дивизиялары, 17, 123, 125, 258, 302, 294, 387-жау әскер дивизиялары, 9-танк дивизиясы толық талқандалып жойылды; дұшпанның мына құрамалары: 9, 15, 46, 62, 79, 304, 306, 335-жау әскер дивизиялары; 23, 24-танк дивизиялары мен 16-моторлы дивизиясы ауыр жеңіліске ұшыратылды, осының нәтижесінде бұлар соғысқа жарағысыз болып қалды; 76, 111, 257, 370-жау әскер дивизиялары орасан көп шығынға ұшыратылды, алайда соғысқа жарамдылығын аздап сақтап қалды. Дұшпанның мынадай жеке бөлімдері: бас командование резервінің 45, 51, 53, 115, 127 және 140-артиллерия полктері, бас командование резервінің 52, 77, 148, 154, 707, 711, 732, 736 және 737-артиллерия дивизиондары; штурмашы зеңбіректердің 209, 232, 236, 238, 243, 277, 278, 781-дивизиондары,

штурмашы зеңбіректердің 560-ауыр дивизионы барлық жарақ-жабдығынан дерлік айырылды. Мұның үстіне, жау әскер бөлімдері сыяқты қыймыл жасап, келген бетте ұрысқа шығарылған 25-дербес батальон, саперлік, құрылысшы, айыптылар, күзет, жандарм және жоық батальондары талқандалды.

Осы уақыттың ішінде немістердің 13.859 солдатты мен офицері қолға түсірілді, біздің жерде жаудың өлтірілген 36800 адамының өлігі қалды.

Жаудан: 131 танк, өздігінен жүретін 74 зеңбірек, 678 зеңбірек, 1646 пулемет, 9100 автомашинна (көпшілігі бүлінген), 517 тягач, 115 бронетранспортер, 1500 ат-арба, 605 мотоцикл, 44 рация, 30750 винтовка, 10220 автомат, 453 миномет, түрлі 99 склад, ок-дәрі тиелген 13 темір жол эшелоны, 27 паровоз, 5 мотовоз, 28000 снаряд, авиация бомбалары қойылған 2 склад, штабельге салынған 1800 вагон ок-дәрі 2 мыңнан аса ат және бір өзең кемесі қолға түсірілді.

Дұшпанның 144 танкі, өздігінен жүретін 1018 зеңбірегі, 540 зеңбірегі, 569 минометі, 1458 пулеметі, 6931 автомашинасы, 67 тягачы, 88 бронетранспортері, 5724 ат-арбасы, 2510 аты, түрлі 20 склады, 120 мотоциклі, 10 самолёті, 5 бронекатері жойылып, біздің жерімізде қалды.

Сонымен, немістердің 6-армиясы соғыс техникасының негізгі түрінен және адамдарынан барлығы дұшпан алып кеткен жаралыларды есептемегенде, қолға түскені және өлгені бар 50669 адамынан, 4510 атынан, 1218 зеңбірегінен, 1012 минометінен, 3134 пулеметінен, 275 танкінен, өздігінен жүретін 192 зеңбірегінен, 203 бронетранспортерінен, 16031 автомашинасынан және көптеген басқа жарақ-жабдығынан айрылды.

Немістердің қашқан тек кейбір штабтары мен талқандалған құрамаларының қалдықтары ғана жан саугалап қалды.

Немістердің 6-армиясын талқандау ісінде 3-Украин майданына Бас Командование Ставканың өкілі, Кеңестер Одағының Маршалы Василевский басшылық жасап, көмек көрсетті.

КЕҢЕС ИНФОРМБЮРОСЫ.

МІНДЕТТЕМЕЛЕРІН АБРОЙМЕН ОРЫНДАУДА

Булаев ауданындағы «Красная пушка» ауылшаруашылық артелінің колхозшылары алған міндеттемелерін аброймен орындауда. Колхозда көктем егісіне керекті тұқым толық тазартылып, егістік кондицияға жеткізілді. Колхоз ауылшаруашылық құрал-саймандарын жөндеу жұмысын толық аяқтады.

Қазірде колхозда 6 звено құрыл

ды. Оның 2-уі мол өнімшілер звеносы. Бұл звено мүшелері агротехналық шараларды мұлткісіз жүзеге асыру ісіне ерекше көңіл бөлуде. Дайындалған тыңайтқыш заттар егістік жерге тасылып жатыр. Қазірде 35 колхозшы агротехника оқуын үйреніп жүр.

Ғ. БЕКТЕМІРОВА.

ҮЛГІЛІ МАЛШЫЛАР

Приешім ауданындағы Қызыл әскер қой совхозының 3-фермасында (Ферма менгерушісі Сергеев жолдас) 980 қой бар. Бұлардың күйі жақсы. Малды күтуге совхоздың тандалулы адамдары тағайындалды. С. Жағпаров жолдас 250 қойдан 265

қозы алып, оларды қыстан аман есен алып шығу үшін күш-жігерін жұмсауда.

Жауапты редактор

Ө. ОСПАНОВ.